

## 14-Сабақ Суға шомылдыру рәсімі

Арман есімді мына бір жас жігіт ойланып отыр. Өткен жылы ол өзінің өмірін Иса Мәсіхке бағыштаған болатын. Ол өзінің жаңа сенімінде өсіп келе жатыр. Біраз уақыт бұрын бір сенуші оған: «сен тезірек шомылдыру рәсімінен өтуің керек» деді. Осыған байланысты Арманда көптеген сұрақтар пайда болды:



Келіңіздер, бұл сабақта Арманның әрбір сұрағына жауап беруге тырысайық.

### «Суға шомылдыру рәсімі деген не?»

1 Інжілден біз Жақия пайғамбардың адамдарды, оның ішінде Исаның өзін де, Иордан өзенінде суға шомылдыру рәсімінен өткізгенін оқимыз. Қазіргі күні Мәсіхтің шәкірттері бұл рәсімнен өзенде немесе бассейнде денесін суға батыру арқылы өте алады. Мұның басқа тәсілі «су құю» немесе «су бүрку» деп аталады.

Бұл маңызды рәсімнен біз өмірімізде бірнеше рет емес, тек бір рет қана өтеміз. Бұл рәсім қалай аталады? \_\_\_\_\_

### «Мен не себепті суға шомылдыру рәсімінен өтуім керек?»

2 Біз суға шомылдыру рәсімінен бұл Иеміз Исаның бұйрығы болғандықтан өтеміз. Ол былай деді:

«Сондықтан күллі халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Өкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер».

(Матай 28:19)

Бұл маңызды аят. Қазір оны жаттап алыңыз.

3 Мәсіхтің бұйрығына құлақ асып, елші Петір Иерусалимдегі жиналған үлкен халыққабылай деді: «Әрқайсың күнеларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен шомылдыру рәсімінен өтіңдер!» (Елш.іс 2:38). Сол күні үш мың адам тәубеге келіп, суға шомылдыру рәсімінен өтті!

Мен не себепті суға шомылдыру рәсімінен өтуім керек? (жауаптардың бір ғана нұсқасын белгілеңіз)

\_\_\_ а) себебі мен бұл рәсімнен өткім келеді

Менің соңымнан ер

- \_\_\_ б) себебі сенуші достарым менің бұл рәсімнен өткенімді қалайды  
\_\_\_ в) себебі мұны Ием Иса бұйырды

«Суға шомылдыру рәсімі нені білдіреді?»



Суға шомылдыру рәсімінің ерекше маңызы бар. Інжілге сай суға шомылдыру рәсімі мыналарды білдіреді:

- А. Мен – Мәсіхте жаңа тұлғамын
- Б. Менің күнеларым жуылды
- В. Мен Мәсіхтің қауымына қосылдым

Келіңіз, осы бір керемет шындықтар туралы көбірек біле түсейік.

**А) Мен – Мәсіхте жаңа тұлғамын**

4 Кейбір адамдар суға түсетіндіктен бұл рәсімнен қорқады. Қорықпаңыз, рәсім кезінде адамдар суға тек бірнеше секундқа ғана түседі және бұл қауіпті емес. Бұл рәсім Мәсіхке бет бұрғанымыздан кейін біздің өмірімізде қандай өзгерістер болатынының маңызды белгісі. Бұл мынаған ұқсайды: біздің ескі күнәкар болмысымыз суға батып кетеді, ал біз Исада жаңа өмір бастау үшін судан шығамыз!

Мына іс-әрекеттер мен олардың мағыналарының арасын сызып, байланыстырыңыз:

Іс-әрекет

- а) Суға бату
- б) Судан шығу

Мағынасы:

- 1. Мен Мәсіхте жаңа тұлға болу үшін шығамын
- 2. Менің ескі болмысым өлді

5 Осылайша суға шомылдыру рәсімі менің ескі өмірімнің аяқталып, ендігі кезекте Мәсіхте жаңа тұлға екендігімді білдіретін белгі болып табылады. Құдай Сөзі былай дейді:

«Демек, Мәсіхпен тығыз байланысқанда біздер Онымен бірге рухани «өліп, жерлендік». Сонымен, Құдай Өке Өзінің ұлы құдіретінің арқасында Мәсіхті өлімен қайта тірілтіп, жаңа өмір бергендей, біз де енді жаңаша өмір сүруіміз керек!» (Рим 6:4)

Суға шомылдыру рәсімі қандай бірінші ақиқатты көрсетеді? (дұрыс жауапты белгілеңіз)  
[ Мен Мәсіхте енді жаңа тұлға болып табыламын / Менде әлі ескі күнәкар болмыс бар ]

6 Егер сіз суға шомылдыру рәсімінен өткен болсаңыз, судан шыққан кезіңізде қандай сезімде болдыңыз? Бұл жайлы талқылау уақытында бөлісуге дайын болыңыз.

7 Бақтияр бұрынғы дінін тастап Мәсіхке сене бастады. Ол суға шомылдыру рәсімінен өткеннен кейінгі өзінің сезімін былай деп сипаттайды:

«Мен өзімнің ескі күнәкар өмірім үшін өлгенімді, өзімді Құдайға бергендігімді, ендігі жерде өзімнің жаңа адам екендігімді сезіндім. Мен ендігі жерде жолдастарым білетін, шайтан білетін бұрынғы Бақтияр емеспін. Ескі Бақтияр өлді, ал жаңасы – Мәсіхте тірілді. Мен судан шыққанда өзімнің жаңа адам екенімді сезіндім».

Айтылған оқиғада Бақтияр неше рет «жаңа» деген сөзді қолданды? \_\_\_\_\_ (астын сызып шығыңыз)

8 Суға шомылдыру рәсімінің көрсететін бірінші ақиқаты қандай? Мен Мәсіхте \_\_\_\_\_ тұлғамын.

**Б) Менің күнәларым жуылды**

9 Елшілердің істері 22:16-де суға шомылдыру рәсімінің екінші ақиқаты айтылған: «*Иеміздің атын айтып сиынып, шомылдыру рәсімінен өтіп, күнәларыңнан арыл*».



Осы аяттың негізінде суға шомылдыру рәсімі қандай ақиқатты айтып тұр?

(жауаптардың бір нұсқасын белгілеңіз)

- а) Мен Мәсіхте жаңа тұлғамын
- б) Менің күнәларым жуылды

10 Біз өз тәжірибемізден білетініміздей, жартылай жуыну да (**вуду**), тіпті толықтай жуыну (**гусль**) да біздің күнәларымызды жуып тастауға жеткілікті емес. Су біздің денемізді ғана жуады, бірақ ол біздің жүрегіміз бен ар-ұжданымызды тазарта алмайды.

Соған қарамастан, суға шомылдыру рәсімі біздің жүрегімізде Мәсіх жүзеге асырып жатқан ішкі тазаруымыздың сыртқы әрі өте күшті белгісі болып табылады. Ол үшін Иса Мәсіх айқышта құрбан болды. Жохан.1-хаты 1:7-ні оқып шығыңыз (назар аударыңыз: *Киелі Кітаптағы Жохан.1-хаты мен Жоханның Ізгі Хабары екеуі бір кітап емес. Бұны Киелі Кітаптың мазмұнынан тауып алыңыз*).

Жохан.1-хаты 1:7-нің негізінде бізді барлық күнәларымыздан не тазартады?

\_\_\_\_\_

11 Өз өмірінде көптеген адамдарды суға шомылдыру рәсімінен өткізген елші Петір де осы рәсім жайлы Петір.1-хаты 3:18-22-де жазды. Бұл үзіндіні талқылау оңай емес, бірақ оның негізгі ойлары мынадай:

- Біз Исаның азап шегуі арқылы (18-аят) және Оның қайта тірілуі арқылы (21-аят) құтқарыламыз.
- Нұх пайғамбардың топан судан құтқарылғаны сияқты, (20-аят), суға шомылдыру рәсімі біз үшін де сондай құтқарылуды бейнелейді (21-аят).

Менің күнәларымның жуылғанын қандай рәсім есіме салады? (жауаптардың бір нұсқасын белгілеңіз)

- а) суға шомылдыру рәсімінен өту
- б) менің үйленуім
- в) мені жерлеу рәсімі

**В) Мен Мәсіхтің қауымына қосылдым**

12 Суға шомылдыру рәсімінен өту арқылы біз сенушілердің бүкіләлемдік қауымына қосыламыз (**Мәсіхтің ұммасы**). Біз әртүрлі нәсілден шыққан ерлер мен әйелдерміз, бірақ біз «*бәріміз бір Киелі Рух арқылы біртұтас рухани денеге енгізілдік*» (Қор.1-хат 12:13).



Суға шомылдыру рәсімі көрсететін үшінші ақиқат қандай? Мен Мәсіхтің \_\_\_\_\_ қосылдым.

Менің соңымнан ер

13 Суға шомылдыру рәсімі тек сіз үшін ғана емес, бүкіл қауым үшін де өткізіледі. Олар сіздің суға шомылдыру рәсімінен өткеніңізге куәгер болады және содан кейін олар сізді былай деп қарсы алуы мүмкін:

«Біз сені Иеміздің отбасына қосылуыңмен құттықтаймыз. Біз бәріміз бірге Мәсіхтің денесінің мүшелеріміз; барлығымыз да бір Құдай Өкенің балаларымыз; барлығымыз бірге Құдай Патшалығының мұрагерлеріміз. Ортамызға қош келдің!».

➤ **Құдайдың таңдап алған халқының бізді қарсы алып жатқаны қандай керемет! Бір сәт аялдап, Жаратушыға бауырластарыңыз үшін алғыс айтыңыз.**

14 Суға шомылдыру рәсімі қандай үш ақиқатты көрсетеді? (бос жолдарды толтырыңыз)

- а) Мен Мәсіхте \_\_\_\_\_ тұлғамын
- б) Менің \_\_\_\_\_ жуылды
- в) Мен Мәсіхтің \_\_\_\_\_ қосылдым

Арман осы ақиқаттарды білгеніне қуанды, енді ол былай деп сұрап тұр:

**«Құтқарылуым үшін суға шомылдыру рәсімінен өтуім қажет пе?»**

15 Бір жағынан құтқарылу үшін бұл рәсім маңызды емес. Өйткені біз суға шомылу арқылы емес, Мәсіхке деген сеніміміз арқылы құтқарылдық. Сөйтсе де, суға шомылдыру рәсімі – Мәсіхтің бұйрығы. Өзіңіз көргеніңіздей, бұл рәсім Мәсіхке және Оның қауымына тиесілі екендігіңіздің маңызды белгісі болып табылады. Сондықтан да сіз уақыты келгенде суға шомылдыру рәсімінен өтуіңіз керек.

а) Мына бір дәстүр көптеген мәдениеттерде бар: егер адамның саусағынан неке сақинасын көрсек, бұл нені білдіреді? \_\_\_\_\_

б) Неке сақинасы тұрмыс құру үшін аса қажетті нәрсе емес, бірақ бұл сол адамның кімге адал екендігінің маңызды белгісі болып табылады? \_\_\_\_\_

в) Дәл осы сияқты суға шомылдыру рәсімінен өткенде, біз де өзіміздің Кімге адал екендігімізді мәлімдейміз? \_\_\_\_\_

16 Суға шомылдыру рәсімінен өту арқылы біз Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланысымызды мақтан тұтатынымызды көрсетеміз. Сондай-ақ біз бұл туралы Мәсіхтегі бауырластарымызға айтқымыз келеді. Бәлкім, бұл рәсімнен өтер алдында қауым сізден «өз куәлігіңізді айтып беруді» сұрайды. Мұндай кезде сіз Иса Мәсіхтің сіздің өміріңізді қалай өзгерткені туралы қысқаша айтып бере аласыз.

Келіңіз, мұны қазір-ақ істеп көрейік. Айталық, сіз суға шомылдыру рәсімінің алдында өзіңіздің куәлігіңізді айтып тұрсыз. Жетекші сізге былай деп сұрақ қояды: «Иса Мәсіх сіздің өміріңізді қалай өзгертті?» Сіз бұған не деп жауап берер едіңіз?

*Не айтатыныңызды жазып, оны талқылауға дайын болыңыз. Егер қаласаңыз, 2-сабақтың 15-сұрағында жазғаныңызды қарай аласыз. Бірақ мына жерге өзіңіздің куәлігіңізді неғұрлым егжей-тегжейлі жазыңыз.*

---

---

---

---

---

---

17

- а) Сіздің құтқарылуыңыз үшін суға шомылдыру рәсімінен өтудің аса қажеттілігі бар ма?  
[ иә / жоқ ]
- б) Суға шомылдыру рәсімі сіздің Мәсіхпен тығыз байланыста екендігіңіздің маңызды белгісі болып табыла ма?  
[ иә / жоқ ]

Бұл сабақта біз Арманның суға шомылдыру рәсіміне қатысты әртүрлі сұрақтарына жауап беруге тырыстық. Енді оның соңғы сұрағын қарастырайық.



**«Суға шомылдыру рәсімінен мен қай кезде өтуім керек?»**

18 Кейбір сенушілер адамның Исаны қабылдағаннан кейін бірден суға шомылу рәсімінен өтуіне кеңес береді. Кейбіреулер ол адамның сенімі нығайғанша біраз күте тұрған дұрыс деп есептейді. Олардың кеңестеріне құлақ түріңіз, сондай-ақ Құдай Рухын да тыңдаңыз. Бұл маңызды қадамға сізді Жаратушының Өзі бағыттайтын болады. Қажетті уақыт туғанда, сіз мұны өз жүрегіңізде сезесіз.

Егер сіз бұған әлі дайын болмасаңыз, бұл рәсімнен өтуге адамдардың асықтыруына жол бермеңіз. Сондай-ақ уақыт келді деп Құдай айтқан кезде, кейінге де шегере бермеңіз.

Келесі әрекеттердің қайсысында даналық бар? *(екі жауапты белгілеңіз)*

- а) сіздің қамыңызды жейтін дана сенушілердің кеңесіне құлақ түру
- б) қуғыннан қорқып, суға шомылдыру рәсімінен өтуден қашқақтау
- в) суға шомылдыру рәсімінен өту аса маңызды емес деп есептеу
- г) Құдайдың сізге суға шомылдыру рәсімінен өт деп айтып тұрғанын сезінген кезде өту

19 Дана сенушілер сізге қамқор болады және суға шомылдыру рәсіміне қатысты жақсы кеңестер береді. Бұл рәсімнен өтуіңізге дайындалу үшін өзіңіз сенім артатын бір адамды табыңыз.

Егер сіз суға шомылдыру рәсімінен өтуіңізге қатысты жақсы кеңес бере алатын адамды білетін болсаңыз, мына жерге белгілеп қойыңыз □. Ал егер сізде ондай адам жоқ болса, топ жетекшіңізбен сөйлесіңіз.

20 Біз бұған дейін суға шомылдыру рәсімінің сенуші біздер үшін нені білдіретіні жайлы толғанған болатынбыз. Ал біздің сенбеуші туысқандарымыз үшін оның мағынасы қандай? Олар үшін бұл сіздің жұрт алдында олардан бөлініп, оларға масқара мен ұят әкеліп жатқандығыңыздың белгісі болып көрінеді.

Олай болса, суға шомылдыру рәсімінен біз қалай өтуіміз керек? *(жауаптардың бір нұсқасын белгілеңіз)*

- а) Өзіміздің жеке қауіпсіздігімізге мазасызданып, қорқынышпен;

Менің соңымнан ер

\_\_\_ б) жаңымызды құрметтегендіктен абайлап өту;

21 Сенбеуші туысқандарымыз үшін біздің кейбір сақтық шараларын қарастырғанымыз жөн. Сіздің суға шомылдыру рәсімінен өтуіңіз жайлы жаңалық туысқандарыңызға үлкен масқара әкелмейтініне көз жеткізіп алыңыз, ал бұл үшін қандай сақтық шараларын жасау керек деп ойлайсыз? *(ойларыңызды жазып, оны талқылауға дайын болыңыз)*

---

---

22 Әйелі немесе күйі әлі Мәсікке сенбейтін сенушіге қандай кеңес берер едіңіз? Бұндай сенуші суға шомылдыру рәсімінен қазір өтуі керек пе, әлде ол жұбайының Исаға сенуін күтіп, бірге өтеміз деп үміттенуі керек пе? *(Ойыңызды жазып, оны талқылауға дайын болыңыз)*

---

---



Суға шомылдыру рәсімі Арман үшін кейбір сақтық шараларымен өтетін болса да, ол үшін бұл үлкен мереке. Тіпті періштелер де онымен бірге қуанатын болады!



#### **14-САБАҚ. ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА**

Егер сіз әлі суға шомылдыру рәсімінен өтпеген болсаңыз, 19-сұрақта өзіңіз атын көрсеткен адаммен сөйлесіңіз. Сол адаммен суға шомылу рәсімінен қашан және қалай өте алатындығыңыз туралы сөйлесіңіз. Сондай-ақ, Иемізден кеңес сұраңыз.

## 14-САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ

1 Жаттап алған аятыңызды жазыңыз:  
«Сондықтан күллі халықтарға барындар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (Матай \_\_\_ : \_\_\_)

2 Сонымен, біз суға шомылдыру рәсімі үш түрлі ақиқатты білдіретін белгі екенін білдік.  
Оларды атаңыз:

- а) «Мен \_\_\_\_\_»
- б) «Менің \_\_\_\_\_»
- в) «Мен Мәсіхтің \_\_\_\_\_ қосылдым»

3 Суға шомылдыру рәсімінен өту қаншалықты маңызды (15-17-сұрақтарды қарап шығып, жауаптардың бірін белгілеңіз)

Бұл менің құтқарылуым үшін маңызды ма, немесе өте маңызды ма, немесе маңызды емес пе?

## 14-САБАҚТЫҢ ЖАУАПТАРЫ

- 1 суға шомылдыру рәсімі
- 2 аятты жаттап алыңыз
- 3 в)
- 4 а) 2 б) 1
- 5 Мен Мәсіхте жаңа тұлғамын
- 6 өз жауабыңыз
- 7 3
- 8 жаңа
- 9 б)
- 10 Исаның қаны
- 11 а)
- 12 қауымына
- 13 бір сәт аялдап, Жаратушыға алғыс айтыңыз
- 14 а) жаңа б) күнәларым в) қауымына
- 15 а) сол адамның жары бар екендігін  
б) өзінің жұбайына в) Иеміз Иса Мәсіхке
- 16 өзіңіздің куәлігіңізді топқа айтуға дайын болыңыз
- 17 а) Жоқ б) Иә
- 18 а) және г)
- 19 егер өзіңізге кеңес бере алатын дана адамды білсеңіз белгілеп қойыңыз
- 20 б)
- 21 талқылауға арналған
- 22 талқылауға арналған